

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ
Әлеуметтік ғылымдар факультеті
Педагогика кафедрасы**



**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БУЛЛИНГ
ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ:
ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»
Халықаралық ғылыми семинар
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
Международного научного семинара
«ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА И КИБЕРБУЛЛИНГА
В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ:
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**Астана
20 сәуір, 2023 ж.**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КеАҚ
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**



**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БУЛЛИНГ ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ
АЛДЫН АЛУ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»
Халықаралық ғылыми семинар
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
Международного научного семинара
«ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА И КИБЕРБУЛЛИНГА В
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**Астана
20 сәуір, 2023 ж.**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Сомжүрек Б.Ж. - ғылыми семинар төрағасы, әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;

Асылбекова М.П. - педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор;

Атемова К.Т. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Сейітқазы П.Б. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Шалғынбаева Қ.Қ. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Албытова Н.П. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

Сламбекова Т.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,

Шолпанкулова Г.К. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

Жубакова С.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

Жукенова Г.Б. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

Махадиева А.К. - философия докторы (PhD), доцент м.а.

ЧЛЕНЫ ОРГКОМИТЕТА:

Сомжүрек Б.Ж. - председатель научного семинара, декан факультета социальных наук;

Асылбекова М.П. - заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор;

Атемова К.Т. - доктор педагогических наук, профессор;

Сейітқазы П.Б. - доктор педагогических наук, профессор;

Шалғынбаева Қ.Қ. - доктор педагогических наук, профессор;

Албытова Н.П. – кандидат педагогических наук, профессор;

Сламбекова Т.С. - кандидат педагогических наук, профессор;

Шолпанкулова Г.К. - кандидат педагогических наук, профессор;

Жубакова С.С. - кандидат педагогических наук, доцент;

Жукенова Г.Б. - кандидат педагогических наук, доцент;

Махадиева А.К. - доктор философии (PhD), и.о. доцента.

УДК 378.1
ББК 74.00
Б. 94

«Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе» атты ғылыми семинар BR18574152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы 2023-2024 жылдарға арналған бағдарламалық мақсатты қаржыландыру аясында ұйымдастырылған.

Б.94 «Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе». Халықаралық ғылыми семинар жинағы (Астана қ., 20 сәуір). 2023. 223– бет

ISBN 978-601-337-842-8

Жинаққа білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу мәселелері бойынша баяндамалар енгізілген.

УДК 378.1
ББК 74.00

ISBN 978-601-337-842-8

© **Формула печати, 2023**

келіп семинарлар мен тренингтерге қатысуы аса ұрымтал, тиімді әрі нәтижелі болар еді. Бұл жерде отбасы мүшелерін қызықты, ұтымды материалдар, әдістер, технологиялар қолданудың жүзеге асуына назар аудару керек секілді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Психолог Екушевская 28 апреля 2022. «Газеты.Ru». Skysmart
2. Случкова К.А. // журн. Личность, семья и общество: Вопросы педагогики и психологии. Проблемы семейного воспитания подростков. с.93-96
3. <http://www.ponjatija.ru/node/7399#:~:text=%D0%93%D0%BB%D0%B0%D0%B2%D0%BD%D0%>
4. Психолого-педагогическое просвещение родителей по проблеме эмоционального благополучия и развития ребенка дошкольного возраста. Брюханова Татьяна Геннадьевна, воспитатель Педагогика: традиции и инновации : материалы X Междунар. науч. конф. (г. Казань, декабрь 2018). — Казань : Молодой ученый, 2018. — iv, 74 с.27 с
5. Ахметова А.И., Қияқбаева Ұ.Қ., Халитова И.Р. Жасы кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасында зорлық-зомбылық пен құқық бұзушылықтың алдын –алудың әлеуметтік-педагогикалық негіздері. Алматы: «Асыл кітап» баспасы, 2021. – 289 б.
6. Халитова И.Р. Атемқұлова Н.О. Суицидтің алдын алу бойынша әлеуметтік педагогтың мектептегі жұмыс жоспары. // журн. Педагогика және психология 2 (47) 2021, маусым. 67 б.

ЖЕЛІЛІК КОММУНИКАТИВТІК МӘДЕНИЕТ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН-АЛУДЫҢ АЛҒЫШАРТТЫ РЕТІНДЕ

NETWORK COMMUNICATION CULTURE AS A PREREQUISITE FOR CYBERBULLYING PREVENTION

Сүлейменова Ж.Т., докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы.

**Suleimenova Zh. T., doctoral student, L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Republic of Kazakhstan.**

Аңдатпа. Мақала мазмұнында кибербуллингтің алдын-алудың алғышарттарының бірі ретінде желілік коммуникативтік мәдениетті қарастырудың маңыздылығы сипатталады. Кибербуллингке қатысушылардың психологиялық бейнесі мен буллингтік әрекетке бару себептері нақтыланып, оның көріну формалары мен салдарына талдау жасалады. Желілік коммуникативтік мәдениетті арттыру арқылы кибербуллингтің алдын-алудың мүмкіндіктері қарастырылады.

Annotation. The content of the article describes the importance of considering

network communication culture as one of the prerequisites for the Prevention of cyberbullying. The psychological image of participants in cyberbullying and the reasons for committing a Bullying Act are clarified, and the forms and consequences of its manifestation are analyzed. The possibilities of preventing cyberbullying by increasing network communication culture are considered.

Кілт сөздер: буллинг, кибербуллинг, цифрлық орта, желілік мәдениет, желілік коммуникативтік мәдениет.

Keywords: bullying, cyberbullying, digital environment, network culture, network communicative culture.

Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі тұрақты даму мақсаттарына, оның ішінде бәрін қамтитын және әділ сапалы білім беруді және баршаға арналған өмір бойы оқу мүмкіндігін ынталандыруды қамтамасыз ететін міндеттемелерді қабылдады. Соның негізінде, жыл сайын жоғары білім беруді және ғылымды дамыту және цифрландыру бойынша елімізде жүйелі іс-шаралар кешені іске асырылып келеді.

А.Ю.Уварова, И.Д.Фруминаның зерттеулеріне сүйенсек, бүгінде әлем халқының 86%-ы мобильді байланысты белсенді тұтынушылар қатарына кірсе, шамамен 2 млрд-тай адам интернет желісіне еркін қол жеткізу мүмкіндігіне ие. Бүгінде цифрлық технологиялар мен киберкеңістіктің ауқымы артты және оқу-тәрбие үдерісінде бағдарламалық платформалар мен интерфейстен бастап, желілік хаттамалар және ультрақұрылымдарға (инфосфера) т.б дейін қолданылуда [1].

Киберкеңістік ақпаратты іздеу және тасымалдау құралы, сондай-ақ виртуалды қарым-қатынас пен өзара іс-қимыл ортасы бола отырып, өскелең ұрпақтың мінез-құлық стереотиптерінің, сондай-ақ идеалдарының, рухани құндылықтарының, жеке және қоғамдық дүниетанымының қалыптасуына да айтарлықтай өз ықпалын тигізуде.

Т.С.Моспан бойынша, цифрлық-желілік орта ұйымдастырушылық, техникалық және әлеуметтік-даму функцияларын іске асыруды қамтамасыз ететін педагогикалық жүйенің құрамдас бөлігі ретінде жеке тұлғаның бойында келесідей бағыттағы біліктіліктердің қалыптасуына жол ашуда:

- әрекеттік (АКТ арқылы ақпараттық өріс мүмкіндігін пайдалана отырып, ақпаратты іздеу, жинау, талдау, тасымалдау іскерліктері);
- технологиялық (ақпаратты білімге айналдыру, цифрлық ортада жаңа элементтер мен бағдарламаларды құру және жобалау т.б);
- әлеуметтендіру (киберкеңістіктің әлеуметтік үдерістерін ұғыну, өз ұстанымын қалыптастыру, өз идеяларын жауапкершілікпен іске асыру, адекватты өнімді іс-әрекет шешімдерін қабылдау, таным мен қарым-қатынас үдерісінде электрондық құралдарды пайдалану қабілеті және т.б) [2].

Екінші тараптан, цифрландыру үдерісінің зиянды әсері де жоқ емес. «Адам – компьютер» байланысы тұлғаның коммуникативтік сөйлеу қабілеттерінің төмендеуіне, тұлғааралық қарым-қатынастың түрлі әлеуметтік желілердегі виртуалды-желілік байланысқа ауысуына, эмоционалды көңіл-күйді сезіну, коммуникация нәтижесін болжау іскерліктерінің төмендеуіне әкеп соқтыруда. Ұялы байланыс пен интернеттің таралуымен және

адамдардың әлеуметтік желілердегі белсенділігінің артуымен қазіргі заманғы коммуникациялық технологияларды қолдана отырып қорқытудың «кибербуллинг» деген жаңа түрі пайда болды.

Кибербуллинг жеке хабарламаларды немесе әлеуметтік желілерді пайдалана отырып, қорлау, қорқыту, жала жабу және бопсалауды қамтитын интернет-технологиялармен қорлаудың бір түрі. Оны желіде адамға мақсатты түрде бағытталған және жүйелі түрде іске асырылатын агрессивті мінез-құлық деп түсіндіруге болады. Cyber – компьютер, цифрлық технология, ал bullying – қорқыту, мазақ қылу, қорлау деген мағынаны білдіреді.

Кибершабуылдар әлеуметтік желілерде, электрондық пошта немесе хабарламалар арқылы қорлайтын немесе жалған сөздерді және өсек-өтірікті пайдалана отырып, айыптау арқылы көрініс табады. Кибербуллингтің зорлық-зомбылықтың басқа түрлерінен айырмашылығы, бұл буллерге өзін аноним ретінде сақтауға және сол арқылы өз әрекеттері үшін жауапкершіліктен қашуға мүмкіндік береді.

Кибербуллингке қатысушыларды бірнеше топқа бөлуге болады: құрбандар, агрессорлар (буллерлер) және бақылаушылар. Кейде бір адам ғана буллер рөлін атқарғанымен, бәрібір интернетте жәбірленушіге бірден бірнеше топтар тарапынан (қатарластары, онлайн ойын жанкүйерлері және т.б.) шабуыл жасалады. Кибершабуыл желіде де, өмірде де жалғасын таууы немесе өмірдегіден желідегіге де ауысуы мүмкін.

Шынайы әлемде жәбірленушіге тікелей шабуыл жасау әрдайым іске аса бермейді, өйткені қылмыскердің жүзін танығанда, оған қарсы тұру оңайырақ болады. Ал, желіде құпия кейіпкер болу және жазадан құтылып кетуге деген сенімділіктің болуы буллерді одан сайын батылдандыра түседі.

Сыртқы кейпімен тартыншақ, тіпті сыпайы көрінген жасөспірім де желіде өзге адамдарға зәбір көрсетуі мүмкін. Яғни, бұл дегеніміз, буллерді сыртқы келбетіне, оқудағы немесе басқа да жетістіктеріне қарап бағалау мүмкін емес деген сөз.

Кибербуллинг интернетте ашық қорлау түрінде ғана емес, әр түрлі формада іске асырылады. Буллерлер жәбірленушіні виртуалды қарым-қатынастан шығарып тастап, оның атынан жалған аккаунт құрып, онда қорлайтын мазмұндағы фотосуреттер немесе басқа да жеке ақпараттарды орналастыруы мүмкін. Осы сияқты, кибербуллингтің бірқатар формаларына тоқталып өтетін болсақ:

Фрейминг: буллерлер адамның жеке парақшасына қолжеткізеді және әлеуметтік желілерде оның атынан қажетсіз мазмұндағы ақпараттарды жариялайды.

Қудалау (киберсталкинг): үнемі жеке адамның немесе топтың атынан қорлайтын немесе қорқытатын мазмұндағы хабарламалар жібереді. Кейбір жағдайда киберсталкинг желіден тыс қудалаумен, тіпті физикалық зорлық-зомбылықпен бірге жүруі мүмкін.

Хеппислепинг: жәбірленушіге алдымен физикалық зорлық-зомбылық көрсетіліп, оны ұялы телефонға түсіріп, содан кейін интернетке жариялайды.

Троллинг: интернет-форумдар мен әлеуметтік желілерде дұрыс емес лексика мен қорлау сөздерін пайдалану арқылы арандату әрекеттері жасалады.

Диссинг: буллар жәбірленушінің беделін түсіру немесе басқа адамдармен қарым-қатынасына зиян келтіру үшін айыптау мазмұнындағы ақпаратты жариялайды.

Аутинг: адамның жеке мәліметтерін оның келісімінсіз әдейі жария ету. Тіпті оның телефонында сақталған хабарламаларды оқудың өзін аутинг деп санауға болады.

Кэтфишинг: ұрланған фотосуреттер мен басқа да жеке мәліметтер негізінде әлеуметтік желілерде жалған жәбірленуші профильдерін жасау. Бұл жәбірленушіге физикалық, психологиялық жағынан зиян тигізу мақсатында немесе жеке мүддесінің пайдасы үшін жасалуы мүмкін.

Грумминг: буллар адамның сеніміне кіріп, оның досы болу үшін өзін жақсы жағынан көрсетуге тырысады. Кейін жәбірленушінің жеке ақпаратын бопсалау мақсатында өзіне қарсы қолдануы мүмкін [3].

Кибербуллингтің пайда болу себептері мен салдарына келетін болсақ, орташа есеппен қарағанда қазіргі кезде жасөспірімдердің 30% астамы кем дегенде бір рет интернетте буллармен бетпе-бет келеді. Желіде агрессивті әрекет ететін адамдар біріншіден, өздерін батыл етіп көрсеткісі келеді, ал екіншіден біреудің есебінен өз-өзін мойындатуға тырысады. Психологтар тарапынан «кек алғысы келу», «зерігу», «қорқынышын жасыру» деген секілді себептер де көрсетіледі. Яғни, желіде кибербуллингтің орын алуының көптеген себептері болуы мүмкін.

Кибербуллингті жасайтын буллар, көбіне ортада ерекшеленгісі келеді, бірақ оны қалай жасау керектігін білмейді; басқа адамдардың жай-күйін түсінбейді; өз сезімдері мен эмоцияларымен қалай күресуді білмейді; интернеттегі агрессивті мінез-құлық нақты өмірде жәбірленушіге ғана емес, өзіне де, бақылаушыға да зиян келтіретінін түсіне бермейді.

Кибербуллингтің жиі кездесетін салдарына өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, қоршаған әлемге деген сенімнің бұзылуы жатады. Жәбірленушіде: оқшаулану, денсаулық мәселелері (бас ауруы, ұйқысыздық), ашу мен күйгелектік, депрессия, суицидтік ойлар және т.б пайда болуы мүмкін.

Буллар үшін кибербуллингтің салдары: кикілжіңге, біреудің пікіріне деген тәуелділікке, басқаларға деген сенімсіздікке, жазадан үнемі қорқуға, заң алдындағы нақты жауапкершілікке алып келуі мүмкін.

Бақылаушы үшін: өзіне деген сенімсіздік, келесі құрбан өзі болудан қорқу, әрекетсіздік үшін өзін кінәлау, зорлық-зомбылықты норма ретінде қабылдау т.б. тән болуы мүмкін.

Кибербуллингтің ауыр салдарына мыналар жатады:

- Аффективті бұзылулар: көңіл-күйдің төмендеуі, депрессия, мазасыздықтың жоғары деңгейі, қорқыныштар, ашу (көптеген жағымсыз эмоциялар).

- Соматикалық бұзылулар: ұйқының, тәбеттің бұзылуы, бас ауруы, іштің ауыруы, ішкі ағзалардың жұмысының бұзылуы және т.б.

- Когнитивті бұзылулар: зейіннің тұрақсыздығы, зейіннің шашырауы, есте сақтау қабілетінің бұзылуы және т.б.

- Білім беру ортасына бейімделудің бұзылуы: сабақты өткізіп жіберу, оқу үлгерімінің төмендеуі және оқуға деген ынтаның төмендеуі және т.б.

- Мінез-құлық бұзылыстары: агрессивтілік, үйден кету, наразылық, көңілтолмаушылық және т.б [4].

Кибербуллинг депрессия, үрей, өзін - өзі төмен бағалау, эмоциялық бұзылулар, психобелсенді заттарды қолдану және суицидтік мінез-құлық сияқты психикалық денсаулықпен маңызды проблемаларды дамытуға ықпал ете отырып, кез-келген жастағы тұлғаның денсаулығына теріс әсер етеді [5].

Жеке тұлғаның желілік коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру кибербуллингтің алдын-алудың алғышарттарының бірі болып табылады. Қоғам мәдениетінің функционалды құралы ретінде коммуникативті мәдениет адамға материалдық және рухани құндылықтарды игеруге, өзін-өзі қалыптастыруға және жетілдіруге, әлемдік мәдени коммуникативті кеңістікке еруге мүмкіндік береді. Ал, коммуникация – оқшауланған тұлғалардың сырттай өзара әрекеттестігінің үдерісі ғана емес, біртұтас сипаттағы қоғамның ішкі ұйымдастырылуы мен ішкі эволюциясының тәсілі ретінде қарастырылады.

Желілік коммуникативті мәдениет – желідегі қарым-қатынас барысында нақты қабылдау мен түсіністікке қол жеткізуге, әңгімелесушінің мінез-құлқын болжауға және бағыттауға, цифрлық коммуникативтік этикетті сақтауға мүмкіндік беретін адамдардың өзара іс-қимылын ұйымдастыру саласындағы білім, іскерлік, дағдыларды қамтиды [6].

Цифрлық технологиялар нарығы мен басқа да жоғары технологиялар қызметін дамыту, сондай-ақ жеке тұлғалардың желілік мәдениеті мен цифрлық этикетін қалыптастыру – еліміздегі адами капитал сапасын арттырудың маңызды тетіктерінің бірі болып табылады.

Желілік коммуникативтік мәдениет – бұл кибербуллингтің алдын-алып қана қоймай, адамдар арасындағы мәдени қарым-қатынас пен этикетті сақтау деңгейін арттырады, сонымен қатар, құқық бұзушылық пен виртуалды жағдайда жеке басқа тиісу фактілерінің алдын алуға мүмкіндік береді. Желілік байланыстағы психологиялық комфортты арттырып, тұлғаның ақпараттық қоғамға жылдам бейімделуіне қолайлы жағдай туғызады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Трудности и перспективы цифровой трансформации образования / под. ред. А.Ю.Уварова, И.Д.Фрумина. – Москва: Изд.дом Высшей школы экономики, 2019. – 344 с.

2. Моспан Т.С. Формирование профессионально важных качеств будущих педагогов для работы в цифровой образовательной среде: автореф. дисс...канд.пед.наук. – Кемерово, 2020. -24 с.

3. Виды правовой защиты от кибербуллинга: практическое пособие / Т. Назханов; ред. Н.Е. Пасечникова. – Алматы : GERONA, 2021. – 345 с.

4. Теоретико-методические основы деятельности педагога-психолога по предотвращению буллинга в школах Тульского региона: гендерно-возрастной аспект /под общ. ред. К.С.Шалагиновой. – Тула: Изд-во «ГРИФ и К», -2014.- 237 с.

5. Білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасында мектеп буллингінің алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар / Құраст. Т.М.

Илюхина, Р.У. Узакбаева, С.О.Амантаева және т.б. – Қарағанды: ҚО ББД ОӘО, 2020. – 218 б.

6. Культура сетевых коммуникаций цифрового поколения: ресоциализация отношений и доместикация социальных медиа (сборник материалов исследования) / науч. ред. А.П. Глухов. – Томск: Издательский Дом Томского государственного университета, 2018. – 120 с.

БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚАЗІРГІ ЗЕРТТЕЛУ ЖАҒДАЙЫ

THE CURRENT STATE OF STUDY OF THE PROBLEM OF BULLING IN THE EDUCATIONAL ENVIRONMENT

**Махадиева А.К., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті,**

PhD., доцент м.а., Астана қаласы

**Махадиева А.К., Шымкент университеті, PhD., аға оқытушысы,
Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы**

Mahadieva A. K., L. N. Gumilyov Eurasian National University,

PhD., acting associate professor, Astana,

**Mahadieva A. K., Shymkent University, PhD., senior lecturer,
Shymkent, Republic of Kazakhstan**

Аңдатпа. Қазіргі киберкеңістік жағдайында мектептегі буллинг мәселесі әлем деңгейінде өзекті болып отыр. Бұл зерттеушілерге буллинг ұғымын нақты анықтаудан бастап, оны алдын алу және оған қарсы тұру бойынша тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеуге дейінгі бірқатар міндеттерді қояды. Бұл міндеттерді шешу, білім беру мекемелерінде психологиялық қорлаудың осы түрімен сәтті күресудің кепілі болып табылады. Осы мақалада буллингтің себептері, салдары және оқушылар үшін қауіпсіз ортаны құру мәселелеріне баса назар аударылған. «Моббинг» және «буллинг» ұғымдарының пайда болу тарихы қысқаша сипатталған. Сондай ақ мектеп ортасындағы психологиялық қорлау мәселесіне қатысты бірқатар заманауи зерттеулердің нәтижелері ұсынылған.

Annotation. In modern cyberspace, the problem of school bullying is becoming increasingly relevant at the world level. This sets researchers a number of tasks, ranging from a clear definition of the concept of bullying to the development of experimental recommendations for its prevention and counteraction. The solution of these tasks is the key to the successful fight against this type of psychological bullying in educational institutions. This article focuses on the causes, consequences of bullying and creating a safe environment for students. The history of the emergence of the concepts of "mobbing" and "bullying" is briefly described. The results of a number of modern studies on the problem of psychological bullying in the school environment are also presented.

Кілттік сөздер: буллинг, моббинг, қауіпсіз орта, психологиялық қорлау,